

# ЖАРКЕНТ



# Айнасы

№1 (24), 15 қаңтар, сәрсенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru



## АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

**Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек.**

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты.

Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджи биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды.

Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді.

### Ұлттық болмыстың үлгісі

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнамайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі».

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен

тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу.

Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламада және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы кез келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек.

**Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ,**  
30.12.2019 жыл.

(Жалғасы 4-5 бетте)

### БАСПАСӨЗ – 2020

**Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! 2020 жылға газетке жазылу науқаны әлі де жүргізіліп жатыр. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысамыз. Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексі – 65161. «Жаркент айнасы» газетіне 11 айға жазылыңыздар.**



# ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН ЕСІМДЕР

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «Біздің бабаларымыз... Олар ұлттың болашағын келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа атамекенінің қарыс қадамын да ұрпағына мирас етті. ...Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген сөздері туған елдің өткен тарихына ой тастап, бүгінгі даму жолын шолып отыруға жетелейді.

Ел қорғаған ерлер мен ел бірлігін ұстаған ауызы дуалы билерімізді, жақсыларымыз бен жайсаңдарымызды халқымыз әсіресе, жастарымыз, жеткіншектеріміз көзімен оқып, көңіліне түйіп жүрсін деген оймен «Жаркент өңірі» газетінің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы 68 номерінде «Елдікке лайық іс керек» деген мақала жарық көрген еді. Мақалада Жаркент өңірінен шыққан атақты батырларымыз бен билерімізге Панфилов ауданының орталығы Жаркент қаласындағы көшелерге есімдерін беріп, аттары жазылған тақталар орнатып, олардың ұрпақтары тұрып жатқан ауылдарда еңселі ескерткіш тұрғызып, лайықты құрмет көрсетілуі туралы ұсыныс жасап едім. Мысал ретінде көрші Райымбек, Кеген аудандарындағы ата-баба дәстүрін сақтау, қасиет қонған батырларын, билерін, ақындарын, жыршыларын ардақтау, құрметтеу шараларына тоқталғанмын. Аудан көлеміндегі ауылдарда кейінгі ұрпақтары ұмытпай біліп жүрсін деп 70-тен астам тұғыры биік еңселі ескерткіштер тұрғызылғанын, мұның жай жалаң сөз емес, бұл дерек аты бүкіл республикаға белгілі Алматы облысының құрметті азаматы, Райымбек ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы болған, марқұм Совет Оразаевтың баяндамасынан алынғанына сілтеме жасаған едім. Бұл мәселені яғни, жақсыларымыздың есімдерін аудандағы көшелерге, мектептерге, елді мекендерге беріп елдің есінде қалдыру туралы ауданымыздың жазушылары мен журналистері және өз тарихына жаны ашитын, елжанды қарапайым азаматтарымыз талай рет аудандық, облыстық, республикалық баспасөз беттерінде көтерген болатын. Көпшіліктің көкейін жегідей жеген, түнде түсіне кіріп, күндіз ойында жүретін осы бастамаға ауданымыздағы және сырт жерде қызмет етіп жүрген азаматтарымыздың баршасы қатысты. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Б.Нұржекеевтің, мына төмендегі жазушы, журналистердің: Б.Жақыбаевтің, И.Үркімбаевтің, Ә. Төреханұлының, М.Нұрсейіттің, С.Керімбековтың, марқұм Ж.Ахтановтың, Қ.Ыбырайымжановтың және осы мақала авторының Елтінді, Ұзақ, Аралбай, Бағай, Бөлек, Сатай, Қарабас, Шойнақ, Әткөй, Нұржеке батырлармен бірге даңқты жерлесіміз, Кеңес Одағының батыры генерал-майор С.Рахымов және Қожбанбет би, Дөнен би, Салпық би туралы зерттеулері жарияланды. Ел азаматтарының талаптеріне ескере отырып Жаркент қаласының Әкімдігі 2018 жылдың шілде айының 16 күні жиын өткізген еді. Онда Қазақстан Республикасы



Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылаумен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаттарын бекіту туралы» 138 қаулысының баптарына сәйкес жоғарыдағы ел азаматтарының Жаркент қаласындағы көшелерге аттары аталған бабаларымыздың есімдерін беру туралы талаптары қаралып, тиісті құжаттары Алматы облыстық әкімдігіне жолданған еді. Міне, осы мәселе толықтай болмасда өз шешімін тапқан сияқты. 2018 жылдың 26 қыркүйегіндегі Алматы облысының ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде және Жаркент қаласы тұрғындарының пікірін ескере келе аудандық мәслихат пен (/ 6-53-324.09.03.2019 жыл.) аудан әкімдігі (/1-4-1.09.03.2019 жыл) бірлескен шешім шығарды. Осы қаулы негізінде Жаркент қаласындағы бұрынғы «Строительная» көшесіне жерлесіміз Кеңес Одағының батыры, генерал-майор Сабыр Рахымов, «/2» көшесі Қожбанбет би, «/8» көшесі Аралбай батырдың атымен аталса, «/15» көшеге Елтінді батырдың есімі берілді.

Батыр бабаларымыздың рухы әрдайым ұлықталып, әспеттеліп, ата-

лып тұруға тиіс. Өскекең елдің кейінгі ұрпақтары өздерінің даңқтылар көшелерінде тұратынын мақтанышпен айтып, ол батырлардың халқы үшін қандай еңбек етіп, тер төккенін біліп, ұғынып жүруі парыз. Әзірше ел азаматтары ұсыныспен шыққан батыр, билерімізден төрт ардақтымызға көше есімдері бұйырыпты. Жаркент қаласында, халқының ауызбірлігін сақтау жолында көп қызмет еткен, кесіп түсер кесек тілді Қожбанбет биге ұрпақтары тарапынан зор құрмет көрсетіліп, есімі берілген көшеге тарихы жазылған естелік мрамор тақтай қағылып, көшелердің бұрыштарына тақтайшалар шегеленіп, есімі ұмытылмай шара жүргізілді. Міне, жақын күндері бұрынғы /8 деп аталған көшеге осыдан 300 жыл бұрын Ресей императрицасына (қатын патшасына) Ұлы жүздің қазақтарынан жасақталған елшіліктің құрамында барған, жастайынан батырлығымен, ақылдылығымен көзге түскен Аралбай батырға да құрмет көрсетілді. Аралбай батырдың ұрпағы Нәдек ауылының тумасы, ел намысты азамат Қайратқан Жартыбаев өзінің достары Дәнебай Аманжолов, әскерде бірге болған Төлеген Есеновтермен көше тұрғындарын қатыстыра отырып батыр бабасының есімі жазылған белгі тақтайшаларды орналастырып шықты. Бабалар рухы дем береді де-

ген осы емеспе. Бұл күн қазіргі кезде мектепалды дайындыққа барып жүрген періштедей пәк Қайратқанұлы Молдаханның есінде мәңгі сақталары сөзсіз. Батыр бабасының есімі жазылған естелік тақтайшаны көтеріп жүгіріп жүрген ұлдың, үлкен бір іс шараға атсалысқандығын ертеңгі күні тұстастары арасында мақтанышпен айтып жүруі хақ.

Осындай игілікті шараның бірі Елтінді батырдың есімі берілген көшеде орындалды. Дүниеде дүбірі кеткен 1643 жылғы Орбұлақ шайқасында ерлік жасаудың ерен үлгісін көрсеткен, өрекіпген жауды талқандап, еңсесін езіп кері қайтуына үлес қосқан Елтінді батырдың ұрпақтары 1998 жылы қазан айында Алмалы ауылында 400 жылдық тойын және орталық көшеге, ауылдағы орта мектепке есімі берілгендігін атап өткен еді. Байтүгейұлы Елтінді батырға да аудандық мәслихаттың жоғарыдағы көрсетілген шешімімен берілген көшеге батырдың ұрпағы, Жаркент қаласының тұрғыны, елсүйер азамат, Панфилов аудандық адвокаттар консультациясының меңгерушісі Бірлікбай Жармұхаметов қолына құралын алып, есімі жазылған белгі тақтайларды орналастырып шықты. Бұған «Жасармыз батыр баба тойыңды әлі, Ерлігінді дәріптеп бойыңдағы. Бүкіл қазақ батыр деп айтушы еді, Жаркентің енді ғана мойындады» дегеннен басқа ештеңе айта алмаймын.

«Ештен кеш жақсы» демей ме қазақ. Оңтүстік Қазақстан облысының Қазықұрт ауданында 1902 жылы туылып, қантеңгі соғыстың бітуіне аз қалғанда, 1945 жылдың наурыз айында небәрі 43 жасында ерлікпен қаза тапқан қаһарман жерлесіміз, Кеңес Одағының батыры, генерал-майор Сабыр Рахымовтың біздер үшін алар орны ерекше. Жоғарыдағы көрсетілген қаулыға сәйкес Жаркент қаласының бір көшесі С.Рахымовтың атымен ұлықталынып, есімі есте қаларлық осы абыройлы шараны қалалық әкімдік өздері атқарғалы отыр. Ендігі жерде елдігімізді көрсеткіміз келсе ерлеріміздің есімін шығарған қазаққа киелі жер саналып тұрған Орбұлақтың атауын бір көшеге, қол бастап, жаудың әскерінің алдыңғы легінің тас-талқанын шығарып, жеңістен күдерін үздіріп, кері қайтуға мәжбүр еткен Жәңгір ханның есімімен бір көшенің атын атасақ құба-құп. Болашақта бұл да болып қалар. Елбасымыз айтқан рухани жаңғыру идеясының жарқын көріністерінің бірі болып жүзеге асатын осындай игілікті істер екендігі белгілі. Бір жақсысы ертедегі өткен көптеген қасиет қонған атақты бабаларымыздың есімдері жер-су, тау мен даламыз, сай мен саламыз, өзен-көлдеріміз, орман-тоғайларымызда құдай сақтап жоғарыдан ешкімнің нұсқауын күтпей-ақ халықтың қалаған қаулысымен аталып қалғаны көңіл қуантады. Біздің қолымыздан келері осы ғана болып тұр. Бұған да шүкіршілік етеміз.

**Молот СОЛТАНАЕВ,**  
«Жаркент айнасы»  
газетінің Бас редакторы.

## Ұстаз – ұлы тұлға

**Ұстаз ең алдымен оқушы үшін білім нәрін құюшы ізгілік иесі, өмірлік тәжірибелерді үйретуші тәлімгер, адамгершілікке баулитын тәрбиеші екені сөзсіз.**

Ұстаз әрқашан шәкірттеріне бүгінгі алған білімінің ертеңгі күнгі қажеттілігіне сездіре алатындай қасиеті бар, мектеп табалдырығын аттаған әрбір жас өреннің болашақтағы көздеген мақсаттарына қол жеткізуіне бағыт бере алатын үлкен тұлға.

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың «Ұстаз жан-жақты түсінігі мол, қандай істі болса да тез шешіп, тұжырымдай алатын, ұшқыр ойлы, көреген, батыл нәм шешен болуы керек және де ұстаз шындықпен әділдіктің қажымас жақтаушысы қайратты күрескер болуы тиіс», - дейтін қанатты сөзі бар. Сабақ түсіндіргенде бала жанын баурап алатын орамды сөздің орайын тауып сөйлейтін ұстаздардың бірі



де бірегейі Панфилов ауданының Еңбекші ауылындағы Е.Сыпатаев атындағы орта мектепте 1990-2009 жылдары қызмет атқарған, Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, Үлгі ауылының тумасы Күлзия Исаянқызы. Осы ауылдың Орта мектебін 1968 жылы бітіріп, осы аталған мектепте ұзартылған күн тобында тәрбиеші болып еңбек жолын бастады. 1969-1973 жылдары Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтының математика факультетін оқып бітірген. Алғаш ұстаздық жолында Сарқанттағы Абай атындағы орта мектепте мұғалім болып екі жыл жұмыс жасап, 1975 жылдары ВЛКСМ-ның 30-жылдығы атындағы орта мектепке ауысты. Ағымдағы жылы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып, кейіннен директор

мәртебесіне дейін көтерілді. 1988 жылы орыс-қазақ мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болды. 1990 жылдан бері Еңбекші ауылындағы Ербол Сыпатаев атындағы орта мектепте мұғалім, 1990-2005 жылдарында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2005-2009 жылдары мектеп директоры болып қызмет жасады.

Жұмыс істеген жылдарында аудандық, облыстық білім басқармаларының мақтау қағаздарымен, 2008 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру саласының үздік қызметкері» медалімен марапатталды.

Гүлзия Исаянқызы – адамдықтың, мәдениеттіліктің пен адалдықтың үлгісі, өзінің ой-өрісімен, шабытты шығармашылығымен Әйел-Ана-Ұстаз деген ұлы есімдерді өнегелі өмір және өрелі істермен дәлелдей білген, бойына ізгілік шуағын дарытқан ұстаздардың ұстазы бола білді.

Аяулыұстаз, ардақтыана, ауылымыздықұрметті азаматы бола білген Күлзия Исаянқызының есімі, асыл бейнесі, қамқорлығы, адамгершілігі, бір сөзділігі, талапкерлігі, турашылдығы, шыншылдығы мәңгі есімізде сақталмақ.

**Эльвира МАУЛЕТХАНҚЫЗЫ,**  
Е.Сыпатаев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы.



# ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ЖАРКЕНТ ЖҰРТЫНАН КЕШІРІМ СҰРАУЫ ТИІС

**Біздер, Панфилов ауданының тұрғындары, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста аттары тарихта қалған Елтінді, Бағай, Ұзын мұрт Ұзақ, Аралбай, Сатай, Бөлек тағы басқа батырлардың ұрпақтары, жазушы Қабдеш Жұмаділов жазған «Орбұлақ шайқасы тарихта болған емес» атты мақалаға түбегейлі қарсылық білдіреміз!**

Себебі көп. Біріншіден: Қабдеш қария әруаққа шет келіп, Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін» атты тарихи кітабын жоққа шығарады. «Орбұлақ шайқасының» түп тамыры – «Түп тұқияннан өзіме шейін» деген жалған кітапта жатыр» дейді ол кісі. Біз алдымен жалалы болған осы кітаптың «қара күйесін» тазалап алайық.

Жаркент өңірінде жоғарыда аттары аталған батырлардың ұрпақтары өмір сүріп жатырмыз. Суанның он тоғыз рудан тұратын тайпалар одағы екенін білесіздер. Сол батыр бабамыз Суанның ұрпағымыз. Соның ішінде Елшібек руы, өзімізге тікелей қатысы бар екі бабамызға келетін болсақ оның бірі Елтінді, екіншісі Бағай батыр. Қазыбек бек Тауасарұлының Қабдеш мойындамай отырған аталмыш кітабы халыққа жария болмай тұрып біз сол бабаларымыз жәйлі аңыз – әңгімелерді жиі естуші едік. Мәселен: «Әкелі-балалы екеуі батыр болған, қалмақтарға қарсы жан аямай күрескен. Бағай батыр үйленбей, ерте шейіт болыпты. Ал, Елтінді бабамыздан Молақ атты бір ғана ұл қалыпты. Қазіргі он тоғыз рудың бірі – Молақ руы сол адамның атымен аталған екен т.б.».

Міне, бұл дегеніңіз біздің көнекөз қариялардың есінде қалып, ұрпақтан – ұрпаққа ауызша тарих болып айтылып жүргендердің бір парасы ғана... Ал енді, егер Қазыбек бектің кітабы болмаса, өз ұрпағы білмейтін кітаптағы олардың ерлігі жәйлі мәселелерді Балғабек Қыдырбекұлы мен Бексұлтан Нұржекеұлы қайдан білген?! Басқаларын айтпағанда, Елшібек руында осындай адамдар болғанын қайдан оқыпты. Кімнен естіпті? Ұлы жырау Бұхардың Бағай туралы «Бағайым аз Суаннан, Бағай атқа мінгенде барлық елі қуанған» дегені, «Қасқары ұлы Молдабай, қара күші мол Бағай, бірің батыр, бірің бек, тұрсын-ау ығай мен сығай» деген жыр жолдары ше? Сонда Қабдеш ақсақалдың Бұқар жырауды да жоққа шығарып отырғаны ғой?

Бағай бабамыздың қара күштің иесі екенін ауылдың бұрынғы ақсақалдары айтып отырғанын сан естіген едім. (Ол туралы кейінгі жылдары жазылған мақалалар да баршылық). Он екі-он үш жасар баланың қалмақтың батырын тұтқындап айдап келгенін естігенде бәріміз де таң – тамаша болып ертегі тәрізді сезінетінбіз. Ал, сол Бағай, туған әкесінің ағасы Елтінді батырға ілесіп жүріп шыңдалады. Жаугершілік жорықтарда досы Қасқарыұлы Молдабайдан ат үстіндегі айқастардың қыр-сырын меңгереді. Бойындағы алапат күштің көмегімен Наурызбай батырдың жекпе-жекке шығатын батырларының құрамына кіреді. Текелі



ойпатындағы айқаста жаудың атышулы батыры Мұқырымен шығып, ақыры басын шабады. Аталмыш кітапты түгел оқыған адам сол кездегі ерлердің жанқиярлығына таңқалары анық. Айтпаса да түсінікті, сол батырларымыздың өшпес ерліктері болмаса қолтығына орыстар су бүркіп айдап салып отырған қапатаған қалмақтан жерімізді қалай тазартар едік?...

«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» демекші, ойда-жоқта жазушы қауым аузынан тастамай құрметтейтін Қабдеш қарияның мұнысы не масқара? Неліктен бүкіл бір тайпа елдің тарихын күйелеп, аруақтарымызды күйзелтіп отырғанын түсінбедік. Іргелес жатқан Орбұлақ пен Үшсудың құйғаны аталатын жерлерде сол қанды шайқаста атамекеннің азаттығы жолында қаза тапқан ерлеріміздің сүйегі ақсөңке болып әлі де жатыр. «Қазақ әдебиетіндегі» мақаласын оқып отырып, бұл ағамыз Б.Қыдырбекұлы мен Б.Нұржекеұлына деген ренішін «Қазақ деген айбынды ұлттың шайқасы туралы бастапқыда бір қауым рулы елден алмақшы ма?...» - деп, әрі-сәрі болдық. Сүйектері әлдеқашан қурап қалған әруақтарға топырақ шашқаны қалай? Жарайды, ағайын арасында реніш болмай тұрмайды, бірақ, ондай өкпе-реніштен – Ел, Жер, Ұлт тарихы қиянат көрмеуі керек екендігі «...бесенеден белгілі емес пе, ағалар..?». Еліміз егемендік алып еңсемізді көтеріп, өткенімізді түгендеп, өлгенімізді тірілтіп жатқанымызда халықтың ауызбірлігін ойлайды-ау деген қарттарымыз шалғайына шалынып, өңбес дауды тілге өзек етіп отырғаны жан ауыртады. Рас, Орбұлақ шайқасы туралы бастапқыда аздаған қателіктер де болғанын Бексұлтан ағамыз ауданда өткен үлкен жиында ескертіп өтті. Оны сол жиынға қатысқан Талас Омарбекұлы, Берекет Кәрібаев т.б. майталман тарихшылар өз құлақтарымен естіген еді. 1993 жылдың жазында «Орбұлақ шайқасының» 350 жылдық тойын әйгілі Белжайлауда атап өткеніміз белгілі. Сол жиында баяндама жасаған жазушы, алаштың арда ұлының бірі - Әбіш Кекілбаев тойды ұйымдастырушыларға «Мен бұл баяндамамды жазу үшін көп толғандым, көп ғалым, жазушы, тарихшылармен екі жыл көлемінде ақылдастым. Демек, бұл менің ғана пікірім емес жігіттер...» дегенін өз құлағымен естіген сол тойды ұйымдастырушылардың бірі - Болатбай Көбенбаев, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Исламғали Үркімбайұлы, ақын, этнограф Ә. Төреханұлы, аудандық газеттің бас редакторы Нұрәділ Бегімбетов, «Ел газеті» басылымының редакторы Роза Ыстай, т.б. көптеген азаматтарымыз әлі де аразмызда.

Қабеннің «Орбұлақ шайқасы» атты телехикаяны көріп, ел тарихын құстаналап отырғанын байқадық. Ол киноға біз де іштей соншама риза емеспіз. Қырғыз елін шауып, мыңдаған адамдарды тұтқынға алып, тоқалын босатып келе жатқан Батұр қонтайшы қатты қырғынға ұшырайды. Елу мыңға жуық жауынгерлерінің он мыңдайынан өлі айырылып, қазақтардан азар қашып құтылады. Осы барысында оның қол астындағы тайпаларға беделі кетеді. Қазақтарды қайта шабам деп қол жинағанда көбі бас тартады. Шайқас Қазыбек бек Тауасарұлы жазғандай, Жаркент шаһарынан күншілік жердегі Жарбұлақ шатқалында өтеді. Ол кезде Орбұлақ деген сөз атымен жоқ. Ал, онда қалайша Орбұлақ аталды деген сұрақ туады. Себебі: жергілікті ел ор қазып жаумен

шайқасқан бабалар ерлігін ұмытпаған. Сол себепті ол жер Орбұлақ деп аталған. Құланға емес, қалмаққа қарсы ор қазылғанын бұрынғы көнекөз қариялардан емес-емес естіп өскен жандармыз. Осы өңірдегі қазақтардың тағдырын осы ор қазып шайқасқан жанкешті 600 батырдың ерлігі шешкендіктен ел жерді «Орбұлақ» - деп атап кеткені айтпаса да белгілі емес пе? Бұл тарихи соғысқа тек қана батырлар ғана емес бүкіл өңір жұртшылығы қатысып, еңкейген кәрі мен ат жалын тартып мінген ұл – қызы түгелдей қарсы тұрып туған жерді жанкештілікпен қорғады. Ерліктің, елдіктің ерен үлгісін көрсетіп, мәңгі өшпес өр рухты ұрпағына аманат етті.

Ендігі ойымызды жинақтай келе мына бір тарихи деректерге де аз-кем тоқтала кетейік: «...Бұл мәселеге кезінде беделді тарихшымыз Мұхаметжан Тынышпаев та көңіл аударған екен. «Киргиз-кайсаки в 17 и 18 веках» деген еңбегінде: «Хонтайши, решив жестоко отомстить казакам, вторгся в 1643 году с 50000 войска в пределы казахской территории («киргизской» демеиді-Б.Н.) и успел покорить часть их владений. Джангыр сумел собрать только 600 человек. ...он устроил засаду в ущелье, окопал глубокий ров и обнес высоким валом», - дейді (А.П. Чулошниковтың «Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен» деген кітабының ішінде. Орынбор, 1924). Халел Досмұхамедов те «Родословная Жалантұс-Батыра» деген мақаласында: «...казахский хан Жангыр (т. наз. Великолепный), сын хана Есима Храброго, в 1643 году с 600 воинами победил пятидесятитысячного войско Калмыцкого хана Контайши-Батура», -дейді (В.З. Галиевтің кітабы ішінде, 120 бет). («Қасиетті Орбұлақ» кітабы, 71 бет). Бұған біздің алып қосарымыз жоқ. Осыншама жылдар бойы жазылған тарихи деректер мен мәліметтерді «Орбұлақ шайқасы тарихта болмаған» - деп, танымал ғалымдарымыздың маңдай терімен жазылған еңбектерін бірақ сәтте жоққа шығарған Қабдеш ағаға не шара?!...

Сенбейтіндер, сенбейді өлдім десең» дегендей, сол әруақтардан қолхат алып қалмаған енжарлығымызға ғана қынжыламыз. Ал, әйтпесе... «Тұйықсыз келген жауға алты жүз қолмен ғана қарсы тұрған Жәңгір сұлтан жергілікті аңшы-батыр Елтіндімен жер жағдайын ақылдаса келіп, мергендерді ор ішінде отырғызып, түрлі әдістермен жауды көп шығынға ұшыратады».

Әйгілі «Орбұлақ шайқасын» жоққа шығарып, жергілікті елдің өткеніне күйе жағуды біз, ұлт тарихына жасаған қастандық деп түсінеміз. Жазушы Қабдеш Жұмаділов осы өрескел қылықтары үшін Жаркент өңірі жұртынан және сол шайқаста қаза болған ерлердің аруағының алдында кешірім сұрауға тиіс!

**Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Панфилов ауданының Құрметті азаматы, Панфилов аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, «Жаркент жауһарлары» халық шығармашылығы орталығының тәлімгері.







(Басы 1-бетте)

# АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ

**Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.**


Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскекең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек ұлт қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.



Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хақим Абай еңбектерінің нәрін өскекең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

## МЕМЛЕКЕТ ІСІНІҢ МҮДДЕЛЕСІ

Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек.

Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті.

Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хақим Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады.

Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдама дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты шешім қабылдаған кезде азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеруі керек. Мұны Абай меңзеген әділетті қоғам қалыптастырудың бірден-бір шарты деп білемін.

Ұлы ақын «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды» дегенді бекер айтқан жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады.

«Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ» замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн. Мемлекет пен қоғам өкілдері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Кеңес формальды сипат алып кетпеуі үшін оның мүшелерімен арнайы кездесіп, жұмысын жіті қадағалап отырмын.

Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ола адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген.

Қазір Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Елбасының қолдауымен билікке басшылардың жаңа буыны келе бастады. Соған қарамастан, елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор.

Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейді.

Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат алды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткізіп келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», – дейді. Расында, бұл – кез келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс.

Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамдымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық.

Осындай саясат жүргізген кезде ғана барлық стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізіп, Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз.

## ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтыны анық. Бұл ретте, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мән беруіміз керек. Сондай-ақ қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлігімізге ірікті салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет.

Бүгінде дүние жүзінің бірқатар интеллектуалдары классикалық капитализм дағдарысқа тап болғанын ескертіп, оның болашағына күмәнмен қарайды.

Себебі әлемде бай мен кедейдің, білімді мен білімсіздің, қала мен ауылдың арасы алшақтап кетті. Бұл үдерістің қарқыны барған сайын күшейіп келеді. Бизнес тек пайда көздесе, білімділер бөлек орта қалыптастырды, әрқайсысы өздері үшін ғана жауапкершілік арқалайтын болды.

Қалалар тез өсіп-өркендеп, шағын елді мекендердің дамуы тұралады.

Ғалымдар мұның барлығы әлеуметтік жауапкершіліктің әлсірегенінен деп есептейді.

Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзіншілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екенін айтады.



Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы.

Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған.

Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.

Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шындап отыруды құп көреді. Сонымен қатар орынды әрекеттің уайым-қайғыны жеңетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзің сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек.

Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Біз ата-аналарымыздың тылдағы ауыр еңбегі жеңіске жетелеген орасан күшке айналғанын ұмытқан жоқпыз. Қазір де қарапайым еңбек адамдарының үлгілі істері жетерлік. Жақында солардың біразы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Ең бастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет.

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің онышына қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», деп тұжырым жасайды.

Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтмайды» (отыз үшінші қара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Сондықтан біз бүгінгі таңда шикізатқа тәуелділік психологиясынан арылуды, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың бірі ретінде белгілеп отырмыз.

## ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТІҢ ТҰЛҒАСЫ

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және



# ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз.

Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде басқа елдердің саясаткерлерімен, түрлі сала мамандарымен жиі кездестім. Шетелдіктермен адамзатқа ортақ көптеген түйткілді мәселе туралы пікір алмасып, ой бөлістім. Жалпы, олар Қазақстанның саяси және экономикалық жетістіктері жөнінде жақсы біледі. Ал рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес. Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?», деген сұрақ туындайды.

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады.

Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», дейді. Бұл ой-тұжырымға Шығыс пен Батыс философтарының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Ал отыз сегізінші қара сөзінде Аллаға деген көзқарасын толық білдіреді.

Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек. Міне, біздің ойшыл Абай, хакім Абай – әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға.

Елордада барлық діннің басын қосып, дәстүрлі жиын өткізіп келе жатқанымызды білесіздер. Мұндай іс-шаралардың мақсаты мен ұлы Абай ұстанымының арасында өзара үйлесімділік бар.

Ақынның барша адамзат баласының жан дүниесінің тазалығын сақтауға деген ниеті бәрімізге ой салады.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. Бірақ бұл – Абайды танудың бір қыры ғана. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол әлемнің кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сақтай отырып аударылуы тиіс. Бұған біз толық қол жеткізе алдық деп айту қиын. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару – оңай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек. Біздің абайтанушы ғалымдарымыз, тіл мамандары мен жанашыр азаматтар осы мәселеге ерекше мән бергені жөн.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер.

Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр.

Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеннің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтен өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс.

Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары

ұстасак, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

## ТОРҚАЛЫ ТОЙДЫҒЫ ТАҒЫЛЫМЫ

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауы тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға

Сондықтан елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық. Осыған орай шаһарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді түрде дамытып, ондағы тарихи-мәдени нысандарды жаңа талапқа сай жаңғыртамыз. Үкіметке бұл мәселеге байланысты тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын.

Мерейтой жылы аясында Абайдың қастерлі мекені – әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасау қажет.

Сонымен қатар Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек.

Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салу қажет.

1918 жылы Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған, 1992 жылдан бері қайта шыға бастаған «Абай» журналына мемлекет тарапынан қолдау көрсету керек.

Осы және басқа да ауқымды шаралар ұлы Абайдың рухына тағзым етіп, оның мол мұрасын дәріптеу үшін өткізілмек. Ендеше, бүкіл Қазақстан халқын осы игі бастамаға белсене атсалысуға шақырамын.

\*\*\*

Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз.

Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз бүкіл



айналады. Сондай-ақ қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді. Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-жақты зерделеніп, оның шығармашылығын ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады.

Маңызды жобаның бірі – ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі.

Ақын тойынан өнер саласы да тыс қалмайды. Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивалдары өтеді. Биылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады. Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатын болады.

Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр. Бұл мәдени іс-шараларды ысырап-шылдыққа жол бермей ұйымдастыру қажет.

Шығыс Қазақстан облысының Ақшоқы елді мекеніндегі Құнанбай Өскенбайұлы әулетінің қорымы абаттандырылады.

Сонымен қатар Абай тұлғасын жоғары дәрежеде дәріптеу үшін Үкімет мынадай шараларды қолға алуы керек деп есептеймін:

Семей өңірі – қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі.

халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиіс деп білемін. Абай сыны – ауыр сын, сындарлы сын.

Елбасы бастап, ел қостап, биік белестерді бағындырдық. Озық елулікке кіреміз деп мақсат қойдық, ол мақсатқа мерзімінен бұрын жеттік.

Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол межеге де жетеміз. Сол межеге жетуге де бізге Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе – біз Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?

Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруы тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың төңірегінде толғансақ та талай жайға қаныға аламыз.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақыл-алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Президенті.





Баукең сөйлеп отыр.

– Біреуді біреу мақтаса, қосылып мақтайтын, біреуді біреу жамандаса, қосылып жамандайтын әдетіміз бар. Кеше маған бір жақсылық жасап еді деген тәрізді мағынадағы ұсақ әңгіменің ел-жұртқа керекі жоқ. Ол қашпа әңгіме. Өйткені бір-бірімізге жақсылық жасау әрқайсымыздың міндетіміз. Ұялмай, қызармай болмаған нәрсені болды деп ойдан қосып, лайықсыз жаңды мақтап, болар-болмас нәрсеге бола елім деген ерді даттап жатамыз. Бұл өзінен кейінгілерге үлгі көрсете алмаған үлкендеріміздің кемшілігі. Мысалы, қабілеті, саяси білімі жеткенше ел басқарған Жұмабай Шаяхметов, Нұртас Ондасынов, Мәсімхан Бейсебаев тәрізді ағаларымыз неге өздерінің жетістігі мен кемшілігін ашық жазып кетпеді? Олардың өмірі, еңбек жолы, сүрініп, қайта бой түзеулері ұрпақ үшін өлмес өнеге ғой. Әлде олар алашорда алыптарының қуғын-сүргінге ұшыраған ауыр тағдырынан кейін «үндемеген үйдей бөледен құтылады» деген ұстанымға көшті ме? Өзінің жетістігін, кемшілігін айтқанында не тұр? Қайта сауап емес пе?

Арғы-бергі басшыларымыз арасынан маған Нұртас Дәндібайұлы Ондасынов ерекше ұнады. Ол кісі Мәскеуден Алматыға келген сапарында үлкен басын кішірейтіп, мыжырайған шал демеі ылғи маған сәлем беретін. Мен оның бұл қылығынан ұлтымызға деген сүйіспеншілігін сезіп, іштей риза болатынымын. Әсіресе терімде отырып айтқан өкінішін ұрпағымыздың ұрпағын ойлантар үлкен өкініш дер едім. Тыңда.

– Бауыржан, балаларым, немерелерім қазақтармен жиі араласса деген ойым іске асар емес. Олар қазақ халқынан алыстап бара жатқан сияқты. Адам болған соң, кейде жеңген Валентина Васильевнаның түрі, мінезі, іс-әрекеті ұқсайтын қазақ қызына үйленгенімде балаларым, немерелерім таза қазақ болып өсер еді деген де ойға берілем. Бұл менің өмірдегі орны толмас өкінішім. Бүкіл ойымның түйіні – қазақтардың қазақ қызымен тұрмыс құрғаны дұрыс деп шешкенімді саған айтқым келді...

– Ә, дұрыс. Адам қартайғанда өзінің екі кемшілігіне; бірі, басқа ұлттың кейбір ақылсыз қызы оны адам деп есептемеген, екінші, оның бала-шағасы қазаққа қазақ деп менсінбеген жағдайда өкінеді. Мұндай халді бастан кешкен қайсыбір ағаларымыздың ақ шашын жұлып, өкісіп жылағаны да көргем.

– Ол кезде оқыған қазақ қыздары аз болды ғой.

– Иә, оның рас. Бәрінен Нұртас ағаның: «Балаларымды қазақ ете алмағаным үшін халқыманн кешірім сұраймын», – деген сөзін естігенде қатты толқидым.

Телефон соғылып, Баукең әлдекімен сөйлесе бастады.

– Ә, жақсы, рақмет қарағым. Аман-сау бол, – деп сөзді Баукеңнің тез доғарғанына қуанып қалдым.

– Ойымды бөліп жіберді ғой. Не жайында сөйлеп отыр едім. Е, ұлттық мүдде туралы екен ғой. Троцкий алашордашылардың талпынысын пайдаланып, Қазақстанды да башқұрт, татар, шешен, қарашай, тағы басқа халықтар тәрізді Ресей құрамынан шығармау үшін автономиялық республика болып қалуын көздеді. Оның бұл ойын жақсы түсінген Тұрар Рысқұлов Ғани Мұратбаевты, Сәкен Сейфуллинді үйінде қонақ ете отырып, Одақтық Республика атану жолында күресудің жолын қарастырып, ақылдасады. Өзара күш біріктіріп, Орталық Комитетке тынбай ұсыныс жасау нәтижесінде Республика атанды. Бұл үлкен жеңіс еді. Мұны еске алғандағы айтамын дегенім, біз мақтасақ, халыққа еңбегі сіңген ерлерді мақтайық.

### «ӨЗБЕК ХАЛҚЫНЫҢ НАҒЫЗ КӨСЕМІ»

– Соғыс жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып істеген Мұхаметжан Әбдіхалықов ағаның Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Усман Юсуповке берген бағасын естігіңіз келе ме? – Естігім келеді. Мұның мен үшін ғана емес, ел үшін де пайдасы бар, – деп Баукең бірден қызығушылық танытты.

## «ХАЛЫҚҚА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ЕРЛЕРДІ МАҚТАЙЫҚ»

– Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталар алдында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.А.Скворцов денсаулығына байланысты Москваға, Совхоздар халық комиссариаты болып ауысты, орнына Г.А.Борков келді. Ол бізде бір жылдай ғана істеді, – деді Мұхаметжан аға байсалды тіл қатып. – ССРО Жоғарғы Кеңесі екінші шақырылымында Н.А.Скворцов Өзбекстаннан депутат болып сайланды.

Мен де ССРО Жоғарғы Кеңесі екінші шақырылымының депутаты боп сайландым. Москваға жолым түскенде пәлен жыл бірге қызмет істеген Николай Александрович Скворцовқа сәлем бергелі телефон соқтым. Ол амандық-есендік біліскен соң:

– Қолың босағанда маған келіп кет, – деді. Уақыт тауып бардым.

– Жақында мен Ташкентте болып қайттым, – деді ол мені көргеніне қуанып. – Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Усман Юсуповке таңғалдым. Бармаған жері жоқ, бәріне уақыт табады. Қасына ілесем деп шаршап, есімнен тана жаздадым. Сен Ташкентте болып па едің? – Талай рет болғам.

– Айтпақы, сен бір сөзіңде Юсуповты 1900 жылы Ферғана маңындағы қыстақта, кедей отбасында дүниеге келген, шынайы ел қамқоры деп мақтап едің ғой. Есіңде ме? – Иә, есімде.

– Мен сонда сенің «шынайы ел қамқоры» деген сөзіңе сенбеп едім. Өз көзімнен көріп, жүзбе-жүз сөйлескеннен кейін сендім. Барлық мекемелерді аралап үлгерді. Қалай үлгеретінін түсінбеймін. Шын мәнінде Юсупов алып адам (өзі таудай кісі еді), өзбек халқының нағыз көсемі. Менің таңғалатыным, Азербайжан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Бағирова, НКВД бастығы Берия, Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Юсупов Сталинге емін-еркін кіріп, ақылдаса беруді екен.

Бірде Сталин Юсуповпен сөйлесіп отырғанда:

– Осман (ылғи фамилиясын айтпай Осман дейтін көрінеді), сен қалай ойлайсың? Сендерге қарағанда қазақтардың мүмкіндігі төмен бе? Өзбекстан жоспарды уақытылы, Қазақстан кешеуілдеп орындайды. Әлде бұл ол республиканы орыс жолдастың басқаруынан ба екен? Осынша қазаққа бірінші хатшылыққа жарайтын ешкім жоқ па? Бұл жөнінде сенің ойың қандай? – дейді.

– Иосиф Виссарионович, сіздің болжамыңыз айна қатесіз дәл сияқты, – деген Юсуповтың сөзін естісімен Сталин Министрлер Кеңесінің төрағасы Маленковқа телефон соғып:

– Қазақстан, Түрікменстан, Тәжікстан республикаларының Компартиясы Орталық Комитеті бірінші хатшылары қызметіне сол ұлт өкілдерінен лайықты кадрларды дайында. Үш ай мерзім беремін, – дейді.

– Иосиф Виссарионович, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бірінші хатшылығына Жұмабай Шаяхметов дайын тұр, – деп Юсупов қолма-қол ұсыныс жасайды. – Осылай деп Мұхаметжан аға сөзін жалғай түсті. – Оны білетінім, бізде, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде Сәрсенбаев деген жігіт лектор еді. Ол марксизм курсында Юсуповпен бірге оқыған екен. Оның маған былай дегені бар:

– Дәу өзбек деп күліп, Юсуповпен әзілдесіп жүрші едік. Қызылқұмнан аттанып, жолай Ташкентке соғып, пойыз Алматыға кешке жүретіндіктен Усманға сәлем бергім келді. Рұқсат сұрап, Усманның қабылдау бөлмесіндегі әйелге жөнімді айттым.

– Қазір ол кісінің қолы бос емес, – деп ол мені ішке жібергісі келмеді. Біздің сөзіміз Юсуповтің құлағына шалынып:

– Келген кісі кім? – деді іштен дауыстап. – Сізбен бірге оқыған кісі. – Бөгет болмаңыз, кірсің.

Екеуіміз құшақтасып, сүйісіп, үш сағаттай әңгімелестік. Қоштасарында:

– Шаяхметовке сәлем айт. Сталин жақында шақырады. Қабылдауында болғанда, Сталинмен қалай сөйлесудің барлық әдіс-тәсілін айтып берем. Ташкентке келмей-ақ қойсың. Мына Шымкентке келсін. Мен вертолетпен бара қоямын деді. Мұха, сізбен ақылдасқаным, Юсуповтің сәлемін Жүмекеңе айтайын ба? – деп жауабымды күтті. Мен:

– Айтыңыз. Аманатқа қиянат жүрмейді, – дедім. Шаяхметов, неге екенін білмеймін, әні қабылдаймын, міні қабылдаймын деп бес-алты күн күттіріп, қабылдамады.

– Көмекшісіне: «Жеке бас мәселем жоқ, тек Юсуповтің сәлемін ғана айтпақпын деп түсіндіргем. Мұха, бес күн күттім, есігін күзетіп әбден шаршадым», – деген оған:

– Онда әуре болмай-ақ қой, – дедім.

Юсупов деген өте бауырмал, оқуынан тоқуы көп, табиғи дарынды кісі еді. Оның ұмытылмай, есімде жүрген даналығын айтайын. ...1943 жылы Усман Смоленск іргесінде жаумен шайқасып жатқан өзбек және тәжік бөлімшелеріне эшалонмен сыйлық алып барады. Қайтар жолында Сталиннің қабылдауында болады.

– Қазір сағат қанша? – деп сұраған Сталинге:

– Иосиф Виссарионович, сағат тақпаушы едім, – дейді. Бас қолбасшы Сталин білегіндегі сағатын шешіп:

– Қымбатты Осман, саған сағатымды сыйладым. Сен барлық уақытта әр минутіңді есептеп жүр, – дейді. 15 минутке белгіленген әңгіме жарты сағатқа созылады. Көмекшісі Поскребышев бірнеше рет ішке еніп, Хрущевтің күтіп қалғанын хабарлайды. Сол уақыттағы әскери киімнің жаңартылуына байланысты генералдық алтын погондары жарқырап Хрущев ішке енеді. Сталин Юсуповке қарап:

– Осман, сен майданға сыйлық апардың. Мына Хрущев Харьков түбінде армияны құртып тынды. Енді ештеңе болмағандай жарқырап келіп тұр, – дегенде, Юсупов:

– Иосиф Виссарионович, ақымақтарды майданға жіберудің қажеті қанша? – дейді.

1953 жылы КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болған Н. С. Хрущев Усманды совхоз директоры етіп жіберіп, орнына жазушы Ш. Рашидовты қойды. Арада біраз уақыт өткен соң, Юсуповты Кремльдегі кабинетіне шақырып:

– Юсупов, мені өлімнен құтқарғаныңды білем. Енді сен мендей ақымақпен қалай жұмыс істейсің? – деп Хрущев оны ертеңіне одақтық дәрежедегі 3000 сом орнына республикалық дәрежедегі 1200 соммен зейнетке шығарады. Усман ерлерге тән үлкен ұстамдылықпен оның кеміткеніне ешқандай сыр бермейді.

1964 жылы 16 қазанда Хрущев орнынан алынғанда, ССРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Косыгин Юсуповке одақ дәрежесіндегі зейнетақысын тағайындап, өткен жылдардағы төленбеген ақшасы төленсін деген қаулы қабылдайды. Мұны естіген Усман:

– Мүмкін болса, маған тиесілі ақшаны балалар үйіне аударыңыздар, – дейді.

Әпербақан, кекшіл Хрущевтің ылаңы көп қой. Халқымыздың еркінен тыс, өзінбілермендікпен біздің үш ауданымызды Өзбекстанға беріп жіберді емес пе?

Рашидов Юсуповке барып:

– Н. С. Хрущев бізге Қазақстанның үш ауданын берді, – деп мақтанғанда:

– Немеңге мақтанып отырсың? Қазақ пен өзбек туыс халық. Пәлен совхозымыз, түген совхозымыз қазақтың жерін жайлап отыр. Біз Хрущевсыз-ақ өзара келісіп, тірлік жасап келгенбіз. Оның ойы екі туыс халықтың арасына от салып, төбелестіру, пышақтастыру. Бұдан өткен арандату жоқ, – дейді.

– Тамаша айтқан, қандай парасаттылық, қандай бауырмалдық?! – деп Баукең қатты дауыстап жіберді.

– Юсупов қайтыс болғанда Өзбекстанның барлық облысынан мыңдаған адам келіп, ақырғы сапарға ардақтап шығарып салады. Жырыма жылдан астам Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған оны өзбек халқы әлі күнге дейін төбесіне кетеріп, құрметтейді.

– Атасына мың-миллион рақмет. Бізде Усмандай көсем бар ма? – деп Баукең жұдырығын түйіп, ернін тістеп, үнсіз отырып қалды. Әлден соң:

– Скворцовтың Юсуповке берген бағасы өте дұрыс. Оның көсем болатын себебі, ол ұлтын сүйген көреген, көпшіл, сезімтал. Сталиннің: «Қазақстанның жоспарды уақытылы орындамауы бірінші басшысы орыс болғандықтан ба? Осынша қазаққа бірінші хатшылыққа жарайтын ешкім жоқ па?» – деген сұрағының астарын нәзік аңғарып, Шаяхметов туралы жақсы мінездеме беруі

– бағалай алсақ, өте үлкен нәрсе. Әдетте ойы таяз, оқыған-тоқыған, көрген-білгені аз кейбір басшылар қызғаншақ келеді. Олар менен асып кетпесе, абырой-бедел тек менде ғана болса деген тар пигылдағы адамдар, – деді Баукең толғана сөйлеп.

– Мұсылмандар басшы адамды Құдай жіберген, Құдайдай әділ, таза деп сыйлаған. Юсупов сондай басшы, ерекше тұлға.

– Мұхаметжан ағаның тағы бір айтқаны есіме түсті.

– Иә, не деді? – Мұхаметжан аға маған: «Рахымалы Байжарасов деген жігітті естуің бар шығар?» – деді.

– Естуім бар.

– Ол Алматының іргесіндегі Қарасай ауданында дүниеге келген. Орынсыз, бос сөз сөйлемейтін, әдепсіз іске аттап аяқ баспайтын, сыпайы жігіт еді. «Халық жауы» деген жаламен көп жыл айдауда болып қайтты. Кейін ұзақ өмір сүрген жоқ, рактан өліп кетті.

Екеуіміз құрдас әрі көңіліміз жақын жандар едік, қатар оқыдық. Ол Қарағанды қалалық партия комитетінде екінші хатшы боп істеп жүргенде мен Қарағанды облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі едім. Анда-санда оңаша кездесіп, сырласып тұратынбыз.

1937 жылы Рахымалы Пятигорскідегі курортқа барады. Барса, Михайл Иванович Кахиани Пятигорск өлкелік партия комитетінде істейді екен. Ол 1932-1933 жылдары Қазақ ССР-і Өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы, Рахымалы Қазақ ССР-і Өлкелік комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі болып істеген. Кахианимен етене таныс, жиналыстарда, түрлі бас қосуларда кездесіп жүреді.

– Қазақстаннан Пятигорск курортына келген кім бар? – деп Кахиани бірде курорт әкімшілігіне келіп, сұрастырып жүргенде Байжарасов кезігеді. Екеуі бірін-бірі таниды.

Кахиани Рахымалыны үйіне алып барып, ұйықтамай түнімен әңгімелеседі.

Михайл Ивановичті мен де жақсы білетінмін, жақсы көретінмін. Атасы басқа адам ғой. Біздің ашаршылық жылы қырылғанымызға ет жүрегі езіле қайғырып, сондай жаны ашыған адам.

Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекин астық дайындау жоспарын тағы да көбейтейік дегенде Кахиани қарсы шығады. Ол тәжірибе, іскерлік жағынан Голощекиннің әкесіндей адам еді.

– Енді бүкіл қазақты қырамыз демесек, астықтың жоспарын көбейтуге болмайды. Онсыз да халық қырылып жатыр, – деген. Содан Өлкелік партия бюросында дау шығады. Біздің қазақ басшыларының бір нашар жері – пікірін айтпай бұғып отырып алған. Кахиани:

– Онда комиссия құрайық. Жағдайдың бәрін айтып Сталинге хат жазайық, – дейді. Оның бастамасымен Голощекин, Исаев, Кахиани үшеуінен комиссия құрылады. Үшеуі жағдайды тексеріп, танысқан соң, Сталинге хат жазбақ болады.

Голощекиннің Исаевпен ақылдасқаны, ақылдаспағаны белгісіз, Кахианиге айтпай, бір күні бюро өткізеді.

– Мен Иосиф Виссарионовичпен сөйлестім. Қазақстанда ашаршылық қаупі жоқ, аздаған кемшілік бар, оны жөндеуіміз дедім. Ол кісі менің пікірімді дұрыс деп отыр, – дейді. Кахиани:

– Сенің мұның қалай? Үш адамнан комиссия құрдық емес пе? Неге оны мен білмеймін, неге Исаев білмейді? Аш халық қынадай қырылып жатыр. Оған біз қалай көз жұмып қарай аламыз? Саған ең маңызды мәселені жеке шешуге кім құқық берді? Сен алдадың, – дейді.

Кахиани үлкен белді, ақылды, тәжірибелі адам. Қазақ халқына жаны ашып, Сталинмен өзі сөйлеседі. Сталин Голощекинді, Исаевты, Кахианады шұғыл Москваға шақырып, саяси бюро отырысында үшеуін тыңдайды. Сол бюрода Голощекинді орнынан алады. Сталин Кахианиге:

– Қазақ ССР-і Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы сен өзің бол, – дейді.

– Бола алмаймын.

– Неге? – Арым жібермейді. Қазақ халқының қырылуына мен де кінәлімін. Голощекиннің солақай саясатын тың кеш түсіндім. Оған дер кезінде тосқауыл қоя алмадым.

Кахиани бір жағынан жазып жүретін қаламы жүйрік журналист те еді. Сталин:

– Олай болса, «Правда» газетінің редколлегия мүшесі боп қал, – дейді. Сөйтіп ол бізден кетті. Михайл Иванович Қазақстанда көп дегенде бір жылдай ғана істеді. Оның біздің Нұрбапа деген азаматымызға еткен жақсылығын Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Усман Юсуповтың жалғастырғаны мені ерекше қуанышқа бөлейді, – деп Мұхаметжан ағаерекше толқи отырып сөйледі.

– Усман өзі туралы мен өзбектің де, қазақтың да перзентімін. Біз туыс адамдармыз дейтін. Кисловодскіде демалғанды сол төңіректе совхоз директоры боп жүрген таныс қазақ Нұрбапа Әмірзақовты кездестірді.

– Ой, Нұрке, сен бұл жақта қайдан жүрсің? Бір кездегі Қазақ ССР-і Орталық Атқару Комитетінің төрағасы емес пе едің? – Дөкей қазақ басшыларымен келісе алмадым. Қазақ ССР-і Өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы, грузин Кахиани Михайл Иванович (Батуми қаласында дүниеге келген, Москва коммерция институтында оқыған, 1917 жылдан бастап партия қызметіне араласқан, 1931-1933 жж. БКП (б) Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы, бюро мүшесі, екінші хатшысы және Секретариат мүшесі болған) Кисловодскі өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы боп ауысқанда, мені өзімен бірге осында ала келді.

– Ой, жолың болғыр. Мен сені мұнда қалдырмаймын. Сен ауыл шаруашылық саласын жақсы білесің. Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары етем, – дейді. Юсупов сөзінде тұрып, айтқан қызметіне орналастырып, Ташкенттен төрт бөлмелі пәтер береді.

– Ой, азамат! Бұдан өткен бауырмалдық, бұдан өткен адамгершілік бола ма? Бұл барлық басшыға ой салатын өнеге ғой. Қазақ қудалап, грузин, өзбек қамқор болған заман-ай! – деп Баукең қайта толқып, тебіренді. – Сөзіңді жалғастыр.

– Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылық саласының хатшысы етем деп жүргенде, Нұрбапа Әмірзақов машина апатынан қайтыс болады. Мұхаметжанның Усман азаматтығын, бауырмал адамгершілігін саған айтып бергені – қазақтар ойлансын дегені. Мен солай түсіндім. Шіркін, Мұхаметжан Әбдіхалықов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болғанда бәрін орын орнына қояр еді деген ойдамын. Оған оның рухы да, білім-білігі де, тәжірибесі де жетер еді. Қан майдан төрінде бір тұн сырласқанда, оның жан дүниесінің, ой әлемінің таза, бай екеніне, қазақ халқының келешек ұрпақтарын өзінің жалғыз ұлындай жақсы көріп, қамқор болатынына көзім жеткен. «Түнде жүріп жол ұтқан – күндіз қуанады» деген бабаларымыздың дана ескертуін біз қашан басшылыққа алар екенбіз? – деп Баукең үнсіз қалды...

**Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ,**  
жазушы, бауыржантанушы.



# КӨЗБЕН КӨРМЕГЕНДІ СӨЗБЕН СУРЕТТЕУ МҮМКІН ЕМЕС

– Ассалаумағалейкум, ата!  
– Уағалейкумсаллам! Әй, қай баласың?  
– Қазақпын ғой, ата.  
– Қазақ болмағанда, қалмақ емес шығарсың.  
– Қазақпын, қазақпын.  
– Руыңды сұрап тұрмын, қызталақ.  
– Ру сұрамасаңыз, басыңыз ауыра ма, ақсақал.  
– Жеті атасын білмеген жетесіз біреу ме, мына неме?

Сөзбен ырғасқан екеуіне бүкіл ел қарап тұр. Ең қызығы, екеуі бір-бірін жақсы таниды. Ана байғұстың бар жазығы осы тойға ауданның арғы басынан келе қалғаны ғана. Ақсақал соны пайдаланып, ру сұрасу атам қазақтың салты екенін еске салғысы келген сыңайлы. Тәмам жұрттың алдында бас салып тергей жөнелгені жас жігіттің қытығына тисе керек. «Қазақ болмағанда, қалмақ емес шығарсың» деген сөзді айтқан шалдың да тілі ашылау ма, қалай.

Қалмақ!..

Қазақ үшін осы сөздің аясына көп нәрсе сыйып тұр. Тарихты оқып отырсаңыз, қалмақ болмаса қазақтың басы бірікпейтін сияқты елестейді. Өз басым тірі қалмақты осыдан отыз жыл бұрын алғаш рет Ашхабадта көрдім. Алматыдан мен барған жиынға, Элистадан ол да келіпті. Сол кезде сыртқы қалыбы да, ішкі мазмұны да біздің «Жұлдыз» журналына ұқсайтын әдеби басылымның бас редакторы екен.

– Біз Қазақстанның үстінен өткенде, сұлу қыздарымыздың бәрін сенің аталарың түсіріп алып қалған, – деді салған жерден.

Сонда сол екеуіміз «Сен қалмақсың, мен қазақпын» деп еш мұқасқан жоқпыз. Қайта басқалардың арасында бір-бірімізді бұрыннан білетіндей әжептәуір шүйірлесіп қалдық. Екінші жолы қолында кішігірім құзиреті бар бір кісіге қатты ісім түсті. Оның өзі де қатты адам екен, айтқаныма көнбей-көнбей әрең көнді.

Екеуіміз сол шаруаны аяғына дейін тындырып келу үшін жолға шықтық. Бір жағымыз тау, бір жағымыз жазық дала. Оша таныс болмағаннан кейін әңгімесіп те отырған жоқпыз. «Ата-бабамыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалған қайран далам-ай» деп ойлап қоям. Қасымдағы кісінің не ойлап отырғаны белгісіз, бірақ ол да біресе тауға, біресе далаға қарап келеді.

Осылай үндеспеген күйі екі таудың арасына келіп кірдік. Екі жақтан қысқан тауға мен де қарадым, ол да қарады. Мен де бірдеңе іздегендей болдым, ол да бірдеңе іздегендей болды. Бұрылыс-бұрылыстағы жартастар біреу алдыңнан атпен шауып шыға келетіндей әсер береді. Осы әсерді тірілткендей, шынында да бір салт атты бала алдымыздан тасырлата шауып шыға келмесі бар ма.

– Ой, атаңа нәлет, ит қалмақ, – дедім тежегішті әрең басып үлгеріп.

Тымырайған серігім бетіме жалт етіп бір қарады да, тыңқ етіп күлді.

Оның көңілін қалай ауларымды білмей келе жатқан мен де ығына жығыла күлдім. «Шаруамды шешіп алсам, көрмегенім сен болсын», – деп оямын ішімнен. Бірақ ол алдындағыдай емес, маған жылыұшырап қарап, тілі шешіліп әңгіме айта бастады. Әңгімеміз жарасқан соң жолымыз да ыңсарды. Талдықорғанға бардық та шаруаны тастай ғып бітіріп, Алматыға қайтып келдік. Көліктен түсіп қоштасарда ол әлгі бір сәтті есіме салып, еш ренішсіз күлімсірей тіл қатты.

– Мен қазақ емеспін, қалмақпын!

Ал, керек болса! Ұялғаннан жерге кіріп кете жаздадым. «Атаңа нәлет, ит қалмақ» деген бізде сөздің сирағасына айналып кеткен. Әйтпесе қазіргі заманда оның еш зілі жоқ. Қайта қалмақ көрсек, кәдімгідей іштартып қаламыз. Өздері бірін бірі тани-тандай ап-аз-ақ халық. Ресейдегі Қалмақ автономиялы республикасында 170 мыңдай, Қазақстанда 73 мыңға жуық, ал қалған достастық елдерінде 190 мың шамасында көрінеді.

Жоңғар!..

Қазақ үшін қалмақ пен жоңғардың көп айырмасы шамалы. Біресе қалмақпен



соғыстық, біресе жоңғармен соғыстық деп айта береді. Жоңғар десе жау алыстан келгендей болады, қалмақ десе іргеден шапқанға ұқсайды. Әйтеуір біз олармен жүз жыл соғысыптық. Арада жүз жылдық соғыс болыпты. Егер қазақ болмағанда, Жоңғар атырабында жаңа империя бой көтермекші екен. Одан Қытай да секем алған, Ресей де қауіп қылған. Дала кентаврларын бір-біріне қарсы қойған соғыс содан туындаса керек. Ақыры жоңғар мемлекетінің жер бетінен жойылуымен аяқталыпты.

Біз сол Жоңғар тауының сай-саласында өстік. Бала күнімізде Жоңғар тауының ар жағында дүние жоқ секілді көрінетін. Оның биіктігі аспанмен бірдей. Қазір ауыздан түспей жүрген Орбұлақ сол Жоңғар тауының беломыртықасы сияқты. Шын мәнінде Жоңғар тауы деген тау жоқ. Біздің жақта Жоңғар тауын Арқас тауы дейді. Ұлы империя құрмақшы болған жоңғардың атымен аталып кеткен. Бірақ мифа сіңіп кеткен атауды санадан жұлып алып тастау мүмкін болмай тұр. Әйтпесе біздің ауданның ақындары: «Арқас таудың мұзбалақ қыраны едім» деп жырлауын жырлайды-ақ!

Арқас!..

«Көзімді ашып көргенім Арқас тауым», – деп өлеңге қосыпты тағы бір ақынымыз Исламғали Үркімбайұлы. Біздің де көзімізді ашып көргеніміз сол Арқас тауы. Көз ұшында көлбеп жататын Арқас тауына қарамайын десең де қарайсың, көрмейін десең де көресің. Өйткені ол мойныңды бұрсаң болды, көлбеп көз алдында тұрады. Қысқасы, біздің бала күнгі әсер бойынша, Арқас тауы тұрғанда, жарты аспан жоқ!

Сол Арқас тауында Қазанкөл деген көл бар. Нағашыларымыз соғыс жылдарында Қазанкөлге қой айдап барады екен. Сонда биік асудан жүктерін қашыра артып өткізеді екен. Себебі, ол жақтың биік тауларынан қашыр мен қой ғана жүре алады екен. Мұны маған кішкене күнімде шешем айтып берген. Бергі бір заманда отар-отар қойды тікұшақпен апарған кездер де болыпты.

Біздің жақтың бір аңызы Қазанкөл, бір аңызы Баркөрнеу, тағы бір аңызы – Орбұлақ. Бәрі осы Арқас тауының ішінде. Қабдеш ағамыздың: «Бұл маңайда биік тау да жоқ. Қалың қол Белжайлаудың бел-белесінен шауып өте бермей ме?», – дейтіні осы жер, осы тау. «Апыр-ай, мына кісі біздің тауды көрмеген екен-ау, көрсе бұлай айтпас еді», – деп ойладым.

Орбұлақ шайқасының 350 жылдығына өзі қатарлы жазушылардың бәрі барғанда, ол кісі бармай қалды. Белжайлауға қарай бет алған керуен, біздің ауылдың басындағы алып ағашқа бір қаңтарылды. Алып ағаштың жуан діңіне Шот-Аман Уәлихан ағамыз бастаған бес-алты адамның құлашы жетпей тұрғанда, мен құлаш жалғап жібердім. Жеті адамның құлашы әрең жететін ағаш та бекер жерге өспейтін шығар.

Қазақтың үлкені де, кішісі де ырым-шыл халық қой. Содан-ақ қасиетті жерге келе жатырмыз деп бәрі бет сипасты. Осы

ағаштың бұтағында ойнап өскен менің де мәртебем өсіп қалды. Керуен одан өтіп, алдын-ала түзелген жолмен Китіңге құлдағанда екі қаңтарылды. Сонда бір салқындап алып, одан соң Шыңыраудан өтіп, Белжайлауға қарай беттеді.

Шыңырау деген тау мен тасты қашап жол салынған бір асу. Осы асуда 350 жылдыққа келе жатқан кішкене қорапты бір көлік ілгері жүре алмай тұрып қалды. Сонда өзі бізге нағашы болып келетін Тәлей деген жігіт көліктің доңғалағына тас тіреймін деп қайтыс болды. Шыңырауда ондай оқиғалар бұрын да болып жататын деп еститініміз. Қазір ол асуды түзеп, жөнге келтіріп қойды.

Қабдеш аға айтып отырған Белжайлау Орбұлаққа баратын жолдың бойы ғана, Орбұлақ емес. 350 жылдық осы Белжайлауда болды, себебі Орбұлақ елдің бәрі бірдей шыға алмайды. Біз бір барғанда тау мен тасқа орғып шыға беретін ұршықтай УАЗик артқа кетіп қалып, тасқа тіреліп әрең тоқтаған. Қабдеш ағамыз осы жердегі орды жау қамап емес, аң қамап ұстайтын жер деп жазыпты.

Бір жағы ат жүре алмайтын терең шатқал, екінші жағы ұшқан құс өте алмастай биік тау. Арғы-бергі бетті түгел көрген жазушы бұл жерді де көрсе, жаңағы ойынан қайтуы мүмкін. Оның неге олай екені туралы бұрын талай жазылды. Қабдеш аға жоққа шығарады, Бексұлтан аға дәлелдейді. Екеуінікі айтыса-айтыса жеке бастың дауы сияқты көріне бастағаны да өтірік емес. Мен Қабдеш ағаға телефон соқтым да:

– Бұл мақаланы бекер жазыпсыз, – дедім. – Өзіңіз білесіз, біздің ауданның аты әлі күнге дейін Панфилов. Аудан атын Орбұлақ деп өзгертейік деп, енді соған қол жеткізе бергенде бірдеңе шығады. Мәселе Елбасының алдына дейін апарылып, енді бүгін Президенттің де назарына ұсынылып отыр еді. Бұрын да талай жаздыңыз ғой, кішкене шыдай тұрсаңыз болмас па еді?

Әфирде де, өмірде де бірнеше мәрте сұхбаттасқан адамым. Соның бәрінде пікіріміз бір жерден шығушы еді. Әйтеуір ағамыз тура сөйлеген соң, біз де тура сөйлейміз. Бірақ бұл мақалада дау айқым келіп отырған жоқ. Дауды ағаларымыз өзіне қалдырдым! Менің айтайын дегенім басқа нәрсе.

Осы Қабдеш ағамыз бен Бексұлтан ағамыз болмаса, қазақтың мәселесінде кейде бас көрететін де адам қалмағандай көретініміз шындық. Қабдеш ағамыз ұлттың жоғын жоқтап қаншама дауға араласты. Қазақтың тағдырына қайшы келетін қаншама мәселеге қасқайып тұрып қарсы шықты. Соның бәрі құры атын шығару үшін істелінді деп ойламаймыз.

Бексұлтан ағамыз да басқасын айтпағанда, былтыр-биыл жаңа әліпбидің кем-кетігі туралы көлемді-көлемді үш мақала жазды. Әрі-беріден соң шалашарпы дайындалған жаңа әліпбидің қайта түзеуге жіберілуіне сол мақалалар да тікелей ықпал етті. Енді болмаған соң жаңа әліпбидің балама нұсқасын жасаймын деп, өзін қара жұмысқа тағы жегіп отыр.

Міне, осындай екі адам, бір кеудені көтеріп тұрған екі қабырға сияқты. Бір қызығы, екеуінің де кейінгі көтеріп жүрген тақырыптары – Шыңғысхан. Екеуі де «Шыңғысхан туралы жазған Тілеуберді Әденайұлының өте дұрыс» дейді. Екеуі де үлкен жиындардың өзін Шыңғысханның жиынына айналдырып жібереді.

Бірақ екеуінің арасындағы қырық жылғы дау әлі бітпеген сияқты. Баяғы айтылған сөз қайта айтылады, баяғы берілген жауап қайта беріледі. Тіпті соңғы мақаланың ішінде «рушыл, тайпашыл» деген сөз де жүр. Қазақтың жан жарасы сияқты осы сөзді басқасы басқа, екеуі бір-бірінің өте ауыр қабылдайтынын жақсы біледі. Өйткені олардың екеуі де рудың, тайпаның ғана өкілі болатын қайраткерлер емес.

Ағаларымыздың бірін бірі мұндай жамандыққа қалай қиып жіберетіні түсініксіз. Осындайда: «Ағалар-ай, Барында аз ғұмырды бағаламай, Абайсыз адаспаңдар бір-біріңнен, Жарықта жайнап тұрған самаладай», – деген ән кеуденде өзінен өзі боздап қоя береді. Бұл жолдардың жалғасында: «Болғанда халық теңіз шалқып жатқан, Өздерің шырылдайтын шағаладай», – деген сөз тағы тұр.

Біз осы соңғы сөзге көбірек жығылғымыз келеді. Екі ағамыздың арасындағы дауға тереңдеп барғымыз да жоқ. Бірақ бір тоқтам айтпасқа амал да қалмайтын кез болады екен. Оның бір амалы Қабдеш ағамызды Орбұлақтың басына арнайы шақырып апару ғой деймін. Орбұлақ қандай тау екен көріп, ондағы халық не айтады екен біліп, олардың аңыз-әңгімелеріне де құлақ түріп қайтқанның артығы жоқ-ау. Бәлкім: «Осы кісінің дау айтып жүргеніне отыз жыл болыпты, бір апарып көрсетейікші», – деген өзімізге де обал жоқ шығар, кім білсін.

Бірақ біздің жақтың халқының Панфилов деген аудан атын Орбұлақ деп өзгертпей тоқтайтын ойы жоқ. Аспан тіреп тұрған тауыңды аттап өте салатындай аласа десе, оған да мойнын алдына салып отыра бермейді. Желдің өтінде, елдің шетінде жатқан аудан бір қаһармандықты бойтұмар еткісі келсе, оған айдалада жатып басқалар неге қарсы болуы керек. Егер осыдан отыз жыл бұрын Орбұлақ шайқасы туралы мәселе осы ауданда көтерілмегенде, батыр бабаларымыздың бұл қаһармандығы мүлдем айтылмай қалуы да мүмкін еді ғой. Шекара түбіндегі халықтың осындай қаһармандықты үлгі тұтқаны, рухының биік болғаны мемлекет үшін де керек емес пе?!

Осының бәрін телефонмен айтқаныма, Қабдеш ағам: «Оны қойшы!, – деді. – Менің дауым ол емес, анау «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деген кітаптағы айтылған нәрселер». Мен: «Оның түбіне кім жетіпті, аға», – дей жаздап іркіліп қалдым. Себебі, одан бері бұл мәселе ашық та, жабық та қаншама рет талқыланды. Егер Қабдеш ағамыз қайта қозғамаса, басқа халық баяғыда ұмытып та кетті.

Ал енді Орбұлақ туралы даудың ауданның атын қазақшалауға тигізіп жатқан зияны орасан зор болып тұр. Өз жерімізде тұрған тауымыздың Арқас деген атын қалпына келтіре алмай бір шаршасақ, ауданымызға қазақша ат беруге шамамыз жетпей екі шаршап жүргенімізді несіне жасырамыз. «Өзіміз қазақпыз. Панфилов ауданында тұрамыз, Жоңғар тауының етегін мекендейміз» десек, мына заманда рухымыз қайтып көтеріледі?!

Сонымен бірге мына бір үш нәрсені де атап айта кеткенді жөн деп білдім. Біріншісі, қазақтың үлкен адамдары ерге тиісем деп, елге тиіспесе екен. Екіншісі, тарихтан дау шықса, оны ғылыми орталарда ғана талқылап үйренсек жөн болар еді. Үшіншісі, осы ағаларымыздың дауы біздің буынға ауыспай-ақ қойғаны жөн-ау.

Қабдеш Жұмаділовтің Орбұлақ туралы соңғы мақаласы шыққалы бері аудан жақтан хабарласып жатқан мен қатарлы азаматтардың сөзі де осыған саяды. Жалпы, халықтың тілегін қайтара берген де жақсы емес. Қабдеш ағамызға айтарымызды айта отырып, билікке де осыны құлаққағыс еткіміз келді. Асылы, рухы биік халық қана шекара түбінде түрлі экспанцияға төтеп бере алатынын ұмытпағанымыз жөн!

**Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК,**  
жазушы.



# 2020 ЖЫЛДЫҢ КҮНТІЗБЕСІ

## Қаңтар

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
30	31	1	2	3*	4	5*
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

## Ақпан

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	

## Наурыз

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9*	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24*	25*	26	27	28	29
30	31					

## Сәуір

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30			

## Мамыр

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
				1	2	3
4	5	6	7	8*	9	10
11*	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

## Маусым

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

## Шілде

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

## Тамыз

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31*						

## Қыркүйек

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				

## Қазан

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

## Қараша

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

## Желтоқсан

дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18*	19	20*
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31	1	2	3

### БИЫЛҒЫ ТАРИХИ МЕРЕЙТОЙЛАР:

- Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы; - Алтын Орданың 750 жылдығы; - Абайдың 175 жылдығы; - Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығы.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ  
 Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
 Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК  
 Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
 Бас редактордың орынбасары –  
 Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
 Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
[jar-aina@mail.ru](mailto:jar-aina@mail.ru)

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
 ➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
 ➤ Газет индексі - 65161  
 Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
 ➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
 ➤ Газет «Бизнес-Информ» баспаханасында басылды. Алматы қаласы, Төле би көшесі, 108. Офсеттік басылым.  
 ➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
 Алматы облысы,  
 Жаркент қаласы,  
 Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй,  
 14 пәтер  
 Тел.: 8/705/412-78-48;  
 8/705/277-16-91;  
 8/777/971-57-67  
 Газет екі аптада бір жарыққа шығады.  
 Тапсырыс: №25